

*Бекболсынова А.С., Жахметова А.К.***НАТЫЙЖАЛУУ ИШИ МЕНЕН КАМСЫЗ КЫЛУУНУ ЖАНА
МАССАЛЫК ИШКЕРДҮҮЛҮКТҮ ӨНҮКТҮРҮҮНҮН МАМЛЕКЕТТИК
ПРОГРАММАСЫНЫН ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ***Бекболсынова А.С., Жахметова А.К.***НЭТИЖЕЛІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ
ЖАППАЙ КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТИК
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ***Бекболсынова А.С., Жахметова А.К.***ОСОБЕННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПРОГРАММЫ
РАЗВИТИЯ ПРОДУКТИВНОЙ ЗАНЯТОСТИ И МАССОВОГО
ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА***A. Bekbolsynova, A. Zhakhmetova***FEATURES OF THE STATE PROGRAM THE
DEVELOPMENT OF PRODUCTIVE EMPLOYMENT
AND MASS ENTREPRENEURSHIP**

УДК: 336.51

Мамлекеттик программалар мамлекеттик экономиканы башкаруунун каражаты болгон мамлекеттик казынанын болушунун эсебинен перспективдүү пландардын аткарылышын камсыз кылат. Ошондуктан мамлекеттик программаларды ишке ашыруу эффективдүү баа берүүнү талап кылат. Мамлекеттик институттардын ишинин натыйжалуулугун баалоонун маанилүү элементтеринин бири мамлекеттик программалардын натыйжалуулугунун жана натыйжалуулугунун көрсөткүчтөрүн салыштыруу болуп саналат, б.а. иш жүзүндөгү жана пландаштырылган натыйжаларды салыштыруу, макроэкономикалык жана микроэкономикалык социалдык эффектерди аныктоо. Алардын арасында жемийштүү иш менен камсыз кылуу жана массалык ишкердүүлүктү өнүктүрүү боюнча мамлекеттик программаны ишке ашырууну баалоо үчүн жогорку муктаждык бар «Енбек» Азыркы учурда методикалык документтер менен камсыз кылуу жана анын методологиясын өркүндөтүү талап кылынат. Программалык документтерди конструктивдүү баалоонун жардамы менен мамлекеттик программанын пландык көрсөткүчтөрүн тактоо зарылчылыгы менен байланышкан системалуу иш-чараларды жүргүзүү менен пландалган көрсөткүчтөрдүн аткарылбай калышынын же четтөөнүн ар кандай факторлорун аныктоого болот.

Негизги сөздөр: мамлекеттик программа, бюджет, контроль, эффективдүүлүктү баалоо, жумушсуздук, өндүрүштүк, иш менен камсыз кылуу, массалык ишкердик, өнүктүрүү.

Экономиканы мамлекеттик басқаруу құралдарының бірі мамлекеттік бағдарламалар болып табылатын қолда бар қазынасы арқылы ұзақ мерзімді жоспарлардың орындалуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, мамлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы тиімді бағалауды қажет етеді. Мемлекеттік мекемелердің жұмысының тиімділігін бағалаудың маңызды элементтерінің бірі мамлекеттік бағдарламалардың тиімділігі мен тиімділігінің көрсеткіштері, яғни нақты мен жоспарлы нәтижелерін салыстыру, макроэкономикалық пен микроэкономикалық әлеуметтік әсерлер өлшемін анықтау болып табылады. Олардың ішінде «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы бағалау қажеттілігі жоғары. Әдістемелік құжаттармен қамту және оның әдістерін жетілдіру қазіргі талап етілетін болып табылады. Бағдарламалық құ-

жаттарды конструктивті бағалаудың көмегімен мемлекеттік бағдарламаның жоспарланған көрсеткіштерін түзету қажеттілігіне қатысты жүйелі түрде іс-шаралар жүргізі отырып, орындалмаудың немесе жоспарланған көрсеткіштерден ауытқудың әртүрлі факторларын анықтауға болады.

Түйін сөздер: мемлекеттік бағдарлама, бюджет, бақылау, тиімділікті бағалау, жұмыссыздық, өндіріс, жұмыспен қамту, жаппай кәсіпкерлік, дамыту.

Государственные программы обеспечивают реализацию перспективных планов за счет наличия государственного казначейства, которое является средством управления государственной экономикой. Поэтому реализация государственных программ требует эффективной оценки. Одним из важных элементов оценки деятельности государственных учреждений является сравнение показателей эффективности и результативности государственных программ, т.е. сравнение фактических и плановых результатов, определение макроэкономических и микроэкономических социальных эффектов. Среди них высока необходимость оценки реализации государственной программы обеспечения производительного труда и развития массового предпринимательства «Енбек», в настоящее время требуется предоставление методических документов и совершенствование ее методологии. С помощью конструктивной оценки программных документов можно выявить различные факторы невыполнения или отклонения плановых показателей путем проведения систематических мероприятий, связанных с необходимостью уточнения плановых показателей государственной программы.

Ключевые слова: государственная программа, бюджет, надзор, оценка эффективности, безработица, производство, занятость, массовое предпринимательство, развитие.

State programs ensure the implementation of long-term plans due to the availability of the state treasury, which is a means of state economic management. Therefore, the implementation of state programs requires effective evaluation. One of the important elements of evaluating the efficiency of state institutions is the comparison of indicators of efficiency and effectiveness of state programs, i.e. comparison of actual and planned results, definition of macroeconomic and microeconomic social effects. Among them, there is a high need to assess the implementation of the state program for the development of productive employment and mass entrepreneurship

"Enbek". Currently, it is required to provide methodological documentation and improve its methodology. With the help of a constructive evaluation of program documents, it is possible to identify various factors of non-fulfillment or deviations from the planned indicators, while carrying out systematic actions related to the need to adjust the planned indicators of the state program.

Key words: state program, budget, supervision, efficiency assessment, unemployment, production, employment, mass entrepreneurship, development, resources, state audit.

Қазақстандағы жұмыссыздықпен күрес тәсілдері жыйдан жылға бір тәсілді түбегейлі әлі өзгермей отыр. Халықты жұмыспен қамтуды қолдау үшін мемлекеттік шаралардың тиімділігінің жеткіліксіздігі мәселелері ең алғашқы бағдарламалардың қабылдануымен туындаған.

Алғашқы бағдарламалар аясында жұмыспен қамтуды қолдаудың негізгі шаралары жұмыссыздық кезінде жәрдемақы түрінде материалдық қолдау көрсету ғана емес, жекеше кәсіпкерлікті дамытуды мемлекеттік ынталандыруға мен жаңа жұмыс орындарын

құру мен көбейтуге бағытталған.


Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған алғашқы мемлекеттік бағдарламалар кешенді емес, фрагменттік сипатта болғаны да және нарықтық құралдардың шағын шеңберіне сүйенгені атап өтілді.

2011-жылдардан бастап Қазақстанда 6 (алты) жұмыспен қамту бағдарламалары әзірленді:

– 3 бағдарламаны іске асыру мерзімі 2020-жылға дейін болжан еді, олар реттеулардың бірде-біреуі ойлаған ойына дейін жеткізілген жоқ;

– 2021-жылғы «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы мен Жұмыспен қамту жолқартасы іске асырылуын аяқтады [1].

Осы мемлекеттік бағдарламаның паспортына сәйкес оның іс-шараларын қаржыландыруда тек бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады, олардың ірі бөлігі республикалық бюджетке тиесілі (68,3% немесе 405,8 млрд. теңге).




1-сурет. ҚР «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жоспарлы қаржыландыру көлемі және көздері, мың.теңге

Бағдарламаны жаңа бағыттармен, міндеттермен және іс-шаралармен жыл сайын толықтыру оны іске асыруға арналған мемлекеттік инвестициялар көлемінің 2еседен астам ұлғаюына (258,3 млрд. теңгеден 593,8 млрд. теңгеге дейін, соның ішінде 2019-2020-жылдары ҚР Ұлттық қордан (49,2 млрд. теңге) және ҚР Үкімет резервінен (3 млрд. теңге) қосымша қаражат бөлу есебінен) әкеп соқты (1-сурет).

Сондай-ақ 2020-жылы ҚР Үкімет есебінің деректерімен және де Мемлекеттік бағдарламамен бекітілген қаржыландыру көлемі мен көздерінің арасында сәйкессіздік байқалады [2].

2020-2021-жылдарға арналған осы мемлекеттік бағдарламаға енгізілмеген жергілікті бюджет қаражатының (55 млрд теңге) пайдаланылуы бөлінген қаражаттың (181,1 млрд теңге) бекітілген соммадан (135,7 млрд теңге) 33%-ға асып кетуіне әкелді.




2-сурет. ҚР «Еңбек» мемлекеттік бағдарламаны қаржыландыру, млрд.тенге.

«2020-2022 жылдарға арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттер туралы» НҚА ескере отырып, қалыптастыру кезінде республикалық бюджет шығыстарының құрылымында ЖАО жеке нысаналы трансферттері түріндегі шығыстардың болуын ескере отырып, оларды жергілікті бюджеттердің базасына аударуды да орындалмады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің (ЕжХӘҚМ) мәліметі бойынша 2017-2020-жылдарына барлығы 549,8 млрд.тенге бөлініп, 535,8 млрд.тенге (немесе 97% көлемінде) игерілді.

Көріп отырғанымыздай, осы 2-суретте жеке мемлекеттік бағдарламаның қаржыландыру көлемі көрсетілген. Көрсетілген кезеңдегі бөлінген мен нақты жұмсалған шығыстардың серпіні де республикалық бюджеттен қосымша қаржыландыру есебінен оның көлемінің біртіндеп ұлғаю үрдісін көрсетеді. Егер іске асырудың бірінші 2017-жылында осы бағдарлама бойынша республикалық және жергілікті бюджеттер шығыстарының арақатынасы «1:1» болса, 2019-жылы бұл көрсеткіш «3:1-ге» дейін өсті, ал 2020-жылы тренд «2,3:1» қатынасында сақталған.



3-сурет. ҚР «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының еркін қоныс аударушылар үшін қаржыландыру көлемі, млн.тенге.


Есепті жылы ҚР «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы өзінің іске асырылуын аяқтады. Оның тиімділігін бағалау жекеше Солтүстік Қазақстан облысында 2019-2021-жылдары қонысаударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бөлігінде Мемлекеттік бағдарлама аудитінің нәтижелерін ескере отырып жүргізілді.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын зерттеу аясында еркінше қоныс аударушылар үшін бөлінген және игерілген қаражат барлығы 4155,7 млн. теңгені қамтитын, оның ішінде жылдар бойынша мәліметтер 3-суретте көрсетілген.

Солтүстік Қазақстан облысында 2019-2021-

жылдары қоныс аударушыларды тұрғынүймен қамтамасыз ету бөлігінде Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021-жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылу тиімділігіне мемлекеттік аудит жүргізілген. Оның қорытындылары бойынша 99,1 млн. теңге қаржылық бұзушылықтар, сондай-ақ 4,6 млрд. теңге – бюджет қаражатының тиімсіз жоспарланғаны және пайдаланғаны белгіленді.

Осы аудит барысында тағы бірқатар жүйелі кемшіліктер анықталды.



4-сурет. ҚР «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының қоныс аударушыларды тұрғын үймен қамтамасыз етудегі негізгі мәселелер.

Тұрғын үйге және субсидияларға қажеттілік бойынша анық ақпараттың болмауы бойынша тексерілген (01.01.2019-31.05.2021-жж.) кезде жоспарланғаннан (12000 млн. теңгеден 9000 млн. теңгеге дейін) 25пайызға азайған көлемі түзетілді.

Қоныс аударушылар үшін тұрғын үйдің орналасу деңгейінің төмен болуы және де қоныс аударушылар үшін сатып алынатын тұрғын үй сапасының төмендігі. Осының нәтижесінде жылыту мен үйлерді жөндеу жұмыстары өз қаражатары есебінен атқарылуда [3].

Кемшіліктердің бірі – жеке жұмыс берушілердің әлеуметтік келісімшарттар талаптарын орындамауы. Тексерумен қамтылған 30 пайыз жағдалар бойынша 19 млн. теңгедей негізсіз төленген субсидиялар көлемі белгіленді.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасында белгіленген 4 нысаналы индикатордың ішінде іске асырылған бүкіл кезеңінде (5 жылдық) олардың тек біреуінің ғана мәні түзетілген: «жұмыспен қамтылған халықтың басқа да санаттарықұрамындағы нәтижесіз жұмыспен қамтылғандардың үлесі» 2018-жылы 10%-дан 10,2%-ға дейін және 2019 жылы 9%-ға дейін төмендетумен.

2017-2021-жылдары мемлекеттік бағдарлама ин-


дикаторларының орындалу мониторингі жоспарланған мәндердің, соның ішінде үшеуі бойынша тұрақты артығымен орындалғанын көрсетеді.

Мемлекеттік бағдарламада 2020-2021 жылдары жоспарланған «Жұмыссыздық деңгейі» индикаторының мәніне екі жыл қатарынан қол жеткізбеу (жоспар сәйкес 4,8% болғанда, ал 2021 жылғы IV тоқсанда 4,9%) COVID-19 пандемиясының теріс әсеріне, жеке еңбек нарығына жаңа штаммдардың таралуына және пандемиядан кейінгі салдарларға байланысты болды.


Өңірлер арасында жұмыссыздықтың ең жоғары деңгейі Түркістан облысында (5,1%), Батыс Қазақстан облысында (5%), Алматы қаласында (5,1%), Шымкент қаласында (5,0%) тіркелді, онда IV тоқсан қорытындысы бойынша индикатордың мәні (4,9%ды құрады) асып түсті (5-сурет).

Бұл жерде қалалық тұрғындарының арасындағы жұмыссыздардың үлесі ауыл тұрғындарының (41%) смалыстырғанда жоғары (59%).

«Еңбек нарығы» әлеуметтік-еңбек саласының біріктірген ақпараттық жүйенің мәліметтері негізінде жұмыспен қамту орталықтарында жұмыс орындарына ізденушілердің саны және жұмысқа орналасқандар адамдар саны арасында арақашықтығы бар (6-сурет).



5-сурет. 2021 жылы өңірлер арасында жұмыссыздықтың деңгейі.



6-сурет. ҚР 2017-2020 жылдары жұмыспен қамту орталықтарында жұмыс орындарына ізденуші және жұмысқа орналасқандар адамдар саны, мың. адам.

Жұмыспен қамту орталықтарында жұмыс орындарына ізденушілер ішінде жұмысқа орналасқандар адамдар 6-суретте көрсетілген (2017-ж. – 47%, 2018-ж. – 61%, 2019-ж. – 56%, 2020-ж. – 40%).

Тұтастай алғанда, ҚР Үкіметтің есебінде Бағдарламаны іске асырудың барлық кезеңінде, 2020-жылдың аяғында да оң үрдістері барша көрсетілген, бірінші кезекте азаматтарды жұмыспен қамтуға байланысты жәрдемдесудің қосымша шараларымен қамту

жұмыстарын кеңейту негізінде бағаланады.

Алайда, Жоғарғы аудит органы мемлекеттік аудитінің нәтижелері көрсеткендей, Бағдарламаның мұндай тиімділігі басқалармен қатар, халықты жұмыспен қамту орталықтарының жұмыспен қамту көрсеткіштерін асыра бағалауы, жұмыс орындары туралы мәліметтердің ақпараттық жүйелерін дұрыс толтыруы, қайталау және бір мезгілде есепке алу арқылы қамтамасыз етілді [4].

Сонымен қатар, ҚР мемлекеттік бағдарламаның іс-шаралары халықтың жұмыссыздық қаупіне шың ерекше ұшыраған бөлігін уақытша жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бойынша шаралары бағытында шоғырландыра көрсетеді. Мемлекеттік бағдарламаның мақсатына қарамастан, ұзақ мерзімді келешекте еңбек нарығында құрылымдық өзгерістері де байқалмайды.

Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуын тиімділік аудит нәтижелері тиімді атқарылуы кедергі келтіретін жүйелік кемшіліктерді жеке талдау қажеттілігін көрсетеді. Бағдарламалық құжаттардың нысаналы индикаторларын жеке қаржыландыруды бір мезгілде ұлғайтумен төмендетуге бағытталған түзетулер анықталған.

Осылайша, мемлекеттік органдардың әрбір бағдарлама бойынша жеке жүргізетін мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін әр жыл сайынғы бағалауы, оның ішінде ақшалай жағын қоса алғанда, белгіленген нәтижелер бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін арттыруға ықпал етеді және нәтижелерін арттуға

мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. 2017-2021-жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018-жылғы 13 қарашадағы №746 қаулысы. // [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000746>
2. Годовой отчет Государственной программы развития продуктивной занятости и массового предпринимательства на 2017-2021 годы "Еңбек". // [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/article/details/77404?lang=ru>
3. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуы туралы 2020 жылға ақпарат // [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/documents/details/153661?lang=kk>
4. «2022-2024-жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасы заңы жобасын оның шығындарының негізгі бағыттары бойынша бағалау туралы қорытынды.» // [Электрондық ресурс] [file:///C:/Users/User/Downloads/%D0%97%D0%B0%D0%BA%D0%BB%D1%8E%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20\(3\).pdf](file:///C:/Users/User/Downloads/%D0%97%D0%B0%D0%BA%D0%BB%D1%8E%D1%87%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20(3).pdf)